



SARGAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sargan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №45 (9598) 8 қараша 2024 ж.



Мемлекет басшысы Франция елшісі Сильван Гиогені қабылдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Франция елшісін жаңа қызметімен құттықтап, оның дипломатиялық миссиясы екіжақты қатынастардың өте белсенді даму кезеңімен тұспа-тұс келіп отырғанын атап өтті.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Франциямен арадағы ынтымақтастықты жан-жақты тереңдетуге ниетті екенін жеткізіп, елші Сильван Гиогенің жауапты қызметіне табыс тіледі.

Кездесуде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың алдағы уақытта Франция Республикасына жасайтын мемлекеттік сапарының жай-жапсары талқыланды.

Президент аталған сапар Астана мен Париж арасындағы байланыстардың келешегін айқындап, қазақ-француз стратегиялық серіктестігінің нығаюына тың серпін беретініне сенім білдірді.

Жетісу облысының Панфилов ауданы Жаркент қаласында «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған 1200 орынды жаңа мектеп пайдалануға берілді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Мектептің ашылу салтанатына Жетісу облысы әкімінің орынбасары Диас Есдәулетов, ардагер ұстаздар, мектеп ұжымы, ата-аналар мен оқушылар, аудан жұртшылығы қатысты.

- Бұл – Президент тапсырмасымен «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында салынған облысымыздағы алғашқы білім ошағы. Панфилов ауданы – облыстағы оқушы саны көп аудандардың бірі. Жаңадан пайдалануға беріліп отырған бұл мектепке Жаркент қаласының бала саны көп 9 мектебінен 1100-ге жуық бала қабылданып отыр. Осындай заманауи мектепте біліммен сусындайтын оқушылар облысымыздан топ жарып шығатынына сенімім зор. Мектеп ұстаздарына еліміздің болашақ білімді, еңбекқор патриоттарын тәрбиелеу жолында сәттілік тілеймін! - деді Д. Есдәулетов.

Мұнан соң мектептің лентасы қиылып, жиналған көпшілік жаңа ғимараттың ішін аралап көрді. Мектеп заманауи талапқа сай жабдықталған. Мұнда 64 кабинет болса, оның 6-ы жаңа модификациялық кабинет, соның ішінде химия, физика, биология, робототехника, STEAM кабинеттері, нано технология т.б. бар. Жалпы барлық пән кабинеттері қажетті әдістемелік, техникалық құралдармен жабдықталған. Сонымен қатар ағаш, металл, тігін және басқа да шеберханалар қарастырылған. Акт залы, 2 оқу залы бар кітапхана, 230 орынды асхана, 2 спорт залы, 1 би залы оқушылардың игілігіне қызмет етеді. Оған қоса оқушылардың оқу құралдарына, киімге арналған жеке шкафтар, сондай-ақ кітап оқуға, балалардың шығармашылық дамуы мен демалуына коворкинг



1200 ОРЫНДЫ АЛҒАШҚЫ ЖАЙЛЫ МЕКТЕП ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

аймақтар қарастырылған.

Мектеп директорының міндетін атқарушы Айгүл Дарубаеваның айтуынша, қазіргі кезде мектепте 46 жиынтық класс ашылған. Жаркент қаласындағы бала саны көп тоғыз мектептен сыныптар жетекшілерімен бірге ауысып келген. Бүгінгі күні педагогтер үшін 30 бос орын, техникалық қызметкерлерге 20 орынға конкурс жарияланып, жұмысқа қабылдану үстінде.

Мектептегі физика, химия, биология және робототехника пәндері бойынша заманауи кабинеттерде touch-экрандар орнатылып, мектептің кез келген жерінен жылдамдығы жоғары интернетке қосылу мүмкіндігі беріледі. Ерекше білім алуды қажет ететін балаларға тиісті жағдайлар жасалған. Бастауыш және жоғары сынып оқушылары мектепте бөлек блоктарда оқиды. Ғимаратта балалар үшін

бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіпсіздік шараларына арналған жабдықтар орнатылған, - дейді А. Дарубаева.

Жалпы биыл облыста 5 мектептің құрылысы жүрді. Бұған дейін осы оқу жылында Көксу ауданы, Қаратал ауылында 120 орынды мектеп іске қосылған болса, жыл соңына дейін Ақсу ауданы, Көшкентал ауылында 180 орынды жаңа мектеп ашылады. Ал қалған 2 мектеп, яғни Алакөл ауданы, Достық ауылындағы 600 орынды және Панфилов ауданы, Талды ауылындағы 300 орынды мектептер 2025 жылғы жаңа оқу жылында іске қосылады деп жоспарланған.

Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

*Фотосуреттерді түсіргендер:
Жеңіс ЫСҚАБАЙ, Нұрбол ҚАНАФАТ.*

БАСПАСӨЗ - 2025

Құрметті оқырмандар!
Аудан тынысымен танысып, осы өңірдің өткені, бүгінгі және келешегі жайындағы тарихи, танымдық және сараптамалық мақалалармен апта сайын жүздескіңіз келсе **SARGAN** газетіне келер жылға жазылыңыз!
Газетке жазылу ҚАЗПОШТА аудандық бөлімшесінде және аудандық газет редакциясында жүргізіледі.

**Зейнеткерлер үшін
индексі 35202,
жылдық бағасы - 3915,2 теңге.**

**Жеке жазылушылар үшін
индексі 65202, жылдық бағасы -
4915,2 теңге.**

**Мекеме-ұйымдар үшін индексі
15202, жылдық бағасы -
5915,2 теңге.**

Жағымды жаңалық

Медициналық пункт ашылды



Жуырда Алмалы ауылдық округіне қарасты Абай ауылында жаңадан салынған медициналық пункт ашылды. Жергілікті қазынадан 50 млн. теңге қаржы бөлінген нысанның құрылыс жұмыстарын Текелі қаласының «Аист строй» фирмасы жүргізді.

Жаңа дәрігерлік пункттің ашылуы 143 үй, 607 адамнан тұратын ауыл халқы үшін үлкен қуаныш болып табылады. Медицина ғимараты заманауи үлгідегі жаңа құрылыстармен жабдықталып, ел игілігіне пайдалануға беріліп отыр. Аталған нысан науқастарды қабылдау, скрининг өткізу, екпе салу, балалы әйелдерді қарау, науқастарды орталық ауруханаға жіберу

сияқты жан-жақты жұмыстарды атқарады.

Әлеуметтік нысанның ашылу салтанатына аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев қатысып, ауыл тұрғындарын жаңа ғимараттың ашылуымен құттықтады. Аудан басшысы өз сөзінде жыл басынан бері аудан көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталып, денсаулық сақтау саласындағы жетістіктерді тарқатып айтып берді. Жаңадан ашылған дәрігерлік нысан жергілікті халықтың дертіне шипа табатын құтты орын болсын деп лебізін білдірді.

- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы денсаулық сақтау ісінің тиімді моделін құру арқылы барлық ауылдық

елді мекендерді фельдшерлік-акушерлік пункттермен және дәрігерлік амбулаториялармен қамтамасыз ету қажеттігін айтқан болатын. Өйткені, халық денсаулығы Қазақстанның стратегиялық мақсаттарға жетудегі табысының ажырамас құрамдас бөлігі. Алдағы уақытта денсаулық сақтау саласының мамандары жаңа ғимаратта жемісті еңбек етеді деген сенімдемін. «Бірінші байлық денсаулық» деген нақыл бар халқымызда. Өткен жылы Ешкіөлмес, Қазыбаев, Бірлік ауылдарында медициналық ғимараттар бой көтерсе, биыл Абай ауылында ашылып отыр. Жақын арада Аманбөктер ауылында да медициналық нысан ашылады. Ауылды дамытып, тұрғындардың әл-ауқатының көтерілуіне қолдау жасап отырған мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа, облыс әкімі Бейбіт Исабаевқа ауыл тұрғындарының атынан алғысын айтамын, - деді Ғалымжан Қанатұлы.

Ауыл ақсақалы Мейрамғали Жамантаев аталық ақ батасын берді. Салтанатты жағдайда жаңа дәрігерлік пункттің лентасын қию құрметі аудан әкімі Ғалымжан Маманбаев пен медицина саласының ардагері, ауыл тұрғыны Әзікен Қазыкеноваға берілді.

Абай ауылының тұрғындарына дәрігерлік көмек бұрын ескі ғимаратта көрсетіліп келген болатын. Медициналық пунктте 2 медицина қызметкері жұмыс жасайды. Фельдшер Мұхтар Ақниет Қуатқызы, мейірбике Жанар Умирбаева тұрғындарға қалтқысыз қызмет көрсетеді.

Ауыл тұрғыны Естай Жазықбаев бұл күнді жұртшылық көптен күткенін айтып, осындай қуаныш сыйлаған ел басшыларына ақжарма алғысын жеткізді.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

8 қараша - статистика күні

Қазақстанның мемлекеттік статистикасы 1920 жылдың 8 қарашасында құрылған. Статистика органының негізгі міндеті - қоғамда болып жатқан әлеуметтік - экономикалық процестер туралы жедел ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Әлеуметтік құбылыстардың әртүрлілігі және ақпаратты жинау мен талдаудың статистикалық әдістерін одан әрі дамыту түзілетін статистикалық ақпарат көлемінің одан әрі объективті өсуін болжайды.

Статистика қызметтерінің алдында жаңа кезеңде тұрған мәселе статистикалық ақпаратты ұсынудың тиімділігін және оның пайдаланушы үшін оның ыңғайлылығын арттырудың жаңа тәсілдерін әзірлеу болып табылады.

Мемлекетті ғылыми негізделген және нақты статистикалық ақпаратсыз басқару мүмкін емес. Жалпы алғанда, статистика үкімет үшін ғана емес, қоғам үшін де маңызды. Себебі, кез келген аймақтық, ұлттық және әлеуметтік деңгейдегі статистика саяси және бизнес шешім қабылдауда маңызды рөл атқарады. Осыдан - ақ бұл сала қызметкерлеріне артылған міндеттің ауқымды екендігін көруге болады.



Ел игілігіне еңбек етеміз

Міне, осындай маңызды салада қазіргі таңда басқарма бөлім болып ауыстырылып, Аязбаев Талғат Тоқтасынұлы және бөлімде жетекші мамандар Тайменкенова Гаухар Серікжанқызы, Елюбаева Жазира Қадыржанқызы және бас маман, сұхбатшы Абдесова Салтанат Уанханқызы қызмет атқарауда.

Олар әлеуметтік үрдістерді зерделеу, соның ішінде халық санағы, біржолғы есепке алу, демографиялық және іріктеп бақылау, әлеуметтік - экономикалық мәселелер бойынша қоғамдық пікірлерді зерделеу, аудандағы халықтың отбасы бюджетін зерттеу, қызмет көрсету тарифтері мен

тауарлар бағасын тіркеу жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді. Мемлекеттік Статистика саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады. Статистикалық жұмыс жоспарының уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етеді. Қолданып жүрген заңнамаларға сәйкес мемлекеттік және коммерциялық құпиялардың сақталуын, алғашқы статистикалық ақпараттың құпиялығын қамтамасыз етеді. Ұжым қызметкерлері облыс көлемінде жоғары көрсеткіштермен ерекшеленіп, Қазақстан Республикасының статистика саласын дамытуға және ауданның әлеуметтік - экономикалық дамуына қосқан елеулі үлестері үшін неше мәрте Құрмет грамоталарымен, Алғыс хаттарымен марапатталды.

Сарқан ауданының статистика бөлімі 2021 жылы 10 жылда бір рет жүргізіліп отыратын ауқымды жұмыс «Ұлттық халық санағын» өткізді және 2025 жылы «Ауылшаруашылық санағын» өткізуді жоспарлап отыр. 2024 ауылшаруашылық санағы пилотты түрде Сарқан қаласында өтті.

Салтанат АБДЕСОВА,
Сарқан ауданының статистика бөлімінің бас маманы.

Ақпараттық хабарлама

"Сарқан газеті" ЖШС 2024 жылы 8 желтоқсан күні өтетін №1 бірмандаттық аумақтық сайлау округі бойынша Сарқан ауданы мәслихатының шығып қалған депутатының орнына депутат сайлауы қарсаңында бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастырудың шарттары, тәртібі және төлем мөлшері туралы хабарландырады.

ГАЗЕТТІҢ БАСЫЛЫМ АЛАҢЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ:

Үгіттік және ақпараттық материалдарды орналастыру үшін басылым алаңы төлемінің мөлшері: аудандық мәслихат депутатына үміткерлер үшін және барлық деңгейдегі сайлауға хабарландырулар мен сайлауалды үгіт-насихат материалдарын жариялау және журналистік мақалалар жарияланған беттерге мақалалар мен модульдерді орналастыру үшін 1 шаршы см. төлемінің мөлшері - 250 теңге, газеттің интернет ресурсындағы (сайт) әрбір сөзіне - 30 теңге.

Төлем газет берген есепшот негізінде 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Төлем газеттің басылым алаңын беру жөніндегі тиісті келісімшартта немесе есепшотта көрсетілген газеттің банктік реквизиттеріне төленеді.

Информационное сообщение

ТОО "Сарқан газеті" уведомляет об условиях, порядке и размере оплаты за размещение агитационных материалов накануне выборов депутата вместо выбывшего депутата маслихата Сарканского района по одномандатному территориальному избирательному округу №1 которое состоится 8 декабря 2024 года через средств массовой информации.

РАЗМЕР ИЗДАТЕЛЬСКОЙ ПЛОЩАДИ ГАЗЕТЫ И ПОРЯДОК ОПЛАТЫ:

Печатная площадка для размещения агитационных и информационных материалов размер оплаты: для кандидатов в депутаты районного маслихата и для всех уровней выборов на объявления и предвыборные агитационные материалы к публикации и журналистские статьи на страницах опубликованных статей и 1 кв. см для размещения модулей размер оплаты-250 тенге, за каждое слово на интернет - ресурсе (сайте) - 30 тенге.

Оплата производится на основании выставленного газетой счета в течении 5 (пять) рабочих дней.

Оплата производится согласно договору на предоставление печатной площади газеты и оплачиваются на банковские реквизиты газеты, указанные на счете.

Мемлекеттік қызметшілердің құқығы қорғалады

Қазақстан Республикасының Конституциясының 24-бабының 4-тармағында әркімнің тынығу құқығы бар. Еңбек шарты бойынша, жұмыс істейтіндерге заңмен белгіленген жұмыс уақытының ұзақтығына, демалыс және мереке күндеріне, жыл сайынғы ақылы демалысқа кепілдік беріледі делінген.

Сонымен бірге, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 32-бабының 4-тармағында шұғыл, күні бұрын болжанбаған жұмыстарды орындау үшін мемлекеттік қызметшілер Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақытынан тыс істелетін жұмысқа, демалыс және мереке күндеріндегі жұмысқа тартылуы мүмкін деп белгіленген.

Бұл ретте, көзделген жағдайларда мемлекеттік қызметшіге демалыс күндері (сағаттары) беріледі немесе жұмысына мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесіне сәйкес өтемақы төленеді.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексінің 108-бабының талабы бойынша жұмыскерге үстеме жұмыс істегені үшін ақы төленеді немесе тынығу сағаттары беріледі. Бұл ретте, үстеме жұмыстарға тартуға жұмыскердің жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

Егерде мемлекеттік қызметші үстеме жұмысқа тартылса онда мемлекеттік қызметшінің келісімі және тиісті мекеме басшысының бұйрығы болуы қажет.

Сондай-ақ, мемлекеттік қызметшінің үстеме жұмысы бойынша тиісті құжаттар болмаған жағдайда, яғни (бұйрық, мемлекеттік қызметшінің келісімі) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 89 бабына сәйкес, лауазымды тұлғаға (бөлім немесе мекеме басшысы) бірінші ескерту түрінде хаттама толтырылады, дәл сондай іс әрекет бір жылда қайталанатын болса 40 айлық есеп көрсеткіш бойынша айыппұл салынады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 29 мамырдағы № 121 бұйрығына сәйкес, Мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторинг жүргізу қағидаларына сәйкес, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет

істері агенттігінің аумақтық департаменттері мемлекеттік органдардың жұмыс уақыты режимін сақтауына мониторингті тұрақты негізде жүргізеді.

2024 жылдың 3 тоқсанында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен үстеме жұмысқа заңсыз тарту фактісі бойынша мониторинг жұмыстарын жүргізу барысында жергілікті атқарушы органдардың басшыларына Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы Кодексінің 89-бабына сәйкес, ескерту түрінде әкімшілік хаттамалар толтырылып, 15 мемлекеттік қызметкерге үстеме жұмыс кезеңдері үшін демалыс сағаттары беріле отырып, бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Сонымен қатар, Департаментпен мемлекеттік қызметшілерді заңсыз үстеме жұмысқа тарту бойынша қашықтықтан жүргізілген мониторинг нәтижесінде 40 мемлекеттік қызметшілері заңсыз үстеме жұмысқа тартылғандары анықталды.

Қорытындысы бойынша, орын алған бұзушылықтарға жол бермеу және қызметшілердің құқықтарын қалпына келтіру бойынша әкімдіктің басшылығына ұсыныс енгізе отырып, мемлекеттік қызметшілерге тынығу сағаттары беру арқылы бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Мемлекеттік органдардың басшылары еңбекті, денсаулықты қорғауға, тиімді қызмет ету үшін қауіпсіз және қажетті жағдайлар жасауға, сондай-ақ қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және қол сұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдауға тиіс екенін атап өткен жөн.

Қорытындылай келе, жоғарыда аталған мемлекеттік қызметшілердің конституциялық құқықтары мен мүдделерін қорғау мәселесі басты назарда, ол барлық мемлекеттік органдардың назарында болуы керек деп есептеймін.

Қ. МАНАП,
Қазақстан Республикасы
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің
Жетісу облысы бойынша департаментінің
басшысы.

Ауыл шаруашылығы

Әке көрген оқ жонар

Қарабөгет ауылындағы «Абылқасымов» шаруа қожалығының аты ауыл тұрмақ, ауданға жақсы таныс. Шаруашылық жетекшісі Балтабек аға мектептен бастап еңбекпен еншілес өсті. Әкесі марқұм «Қарабөгет» совхозына еңбегі сіңген, балтамырдың бап тілейтінін білетін озат дихан болатын. Қазақ ауыл-шаруашылық институтында инженер-механик мамандығын игеріп, күрделі кәсіптің қыр – сырын жетік меңгеріп, туған ауылына оралған соң басшылықтан мамандығына сәйкес лауазымды қызмет сұрамай-ақ қант қызылшасымен шұғылданатын звеноға жетекші болған Балтабек Абылқасымовтың әке жолын жалғастырғаны, еңбектегі жетістігі көпке үлгі, сондықтан да бұл кісіні Сарқан ауданында екінің бірі біледі деп айтуымыз да беркер емес.

Мектептен кейін Кеңес әскері қатарында әскери борышын өтеп жүргенде үздік қызметі үшін «Құрмет белгісі» орденімен марапатталған Балтабек ағаны елі Балташ деп құрметтейді. Балтабек аға жоғарғы оқу орнынан кейін білікті маман ретінде, ұйымдастырушы ретінде көзге түсіп, алғашқы жылдары-ақ Талдықорған облысы бойынша қызылша өнімін алу-дан жүлдегер атанады. Атап айтқанда төтті түбірдің 1 гектарынан 710 центнер қызылша өнімін алып, рекордтық көрсеткішке қол жеткізіп, 1984 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталады. Сонымен қатар «КСРО халық шаруашылығын дамытудағы қол жеткен жетістігі үшін» екі қола медалін иеленгені де көнекөздердің жадында. Балтабек аға бастауында тұрған қызылшашылар әулеті бүгінгі күнге дейін қант қызылшасын өсіруден қалыс қалған жоқ. Жылдан-жылға ол басқаратын қожалық елеуетін арттырып, қыс бойы қолда бар техникаларын дайындық сапына қойып, көктемгі егістік науқанына сақадай сай шығады.

Ауылдан қалаға көшу кеңінен үрдіс алған кезеңде Балтабек ағаның балалары қара шаңырақтан ұзаған жоқ. Бүгінгі таңда ағамыз үлкен отбасының, қызылшашылар әулетінің әкесі. Зайыбы Тамара жоғары білімді, инженер-гидротехник. Ол да осы шаруашылықта ұзақ жылдар мамандығы бойынша қызмет атқарған, қазір зейнет демалысында. Екеуі бес бала тәрбиелеп өсіріп, жеті немере сүйіп отыр. Бауыржан, Бақытжан, Ержан, Нұрлан, қызы Балжан бәрі де жоғары білімді. Ұлдары әке шаруашылығына жан-жақты көмектесіп келе жатқан білікті мамандар.

Шаруашылықтың меңгерушісі Нұрлан Балтабекұлы шаруа қожалығының жай-жапсарын толықтай әңгімелеп берді.

-Былтыр, биыл көбінесе қант қызылшасын көбейттік. 220 гектарға төтті түбірді ектік. Өнімнің шығымы жоғары, ойлағанымыздай болып отыр. 30 гектар алқап қазылып біткен жоқ. Соны жақын уақытта аяқтаймыз. Басқа да дақылдар себеміз, соя, жүгері, арпа, бидай бар. Оларды жинап алып қамбаға сақтауымыз. Бір аптада барлық өнімді бітіреміз. Ақсу қант зауытына 15, 16 мың тонна өнім өткіздік. Өлі де өткіземіз. 301 гектар суармалы егістік, 320 гектар тәлімі алқабымыз бар. Мал шаруашылығымен де айналысамыз. Қыс кезінде мал да бордақылаймыз. Тұрақты негізде 25 жұмысшы бар, айлықтарын уақытында алып отырады. Машина-трактор паркін жыл сайын жаңартып отырамыз. Көбінесе қант қызылшасына арналған техникалар. 2 қант қызылшасын шабатын комбайн, 2 дәнді дақылға арналған комбайн, 20 доңғалақты тракторымыз бар. Мемлекеттен субсидия қант қызылшасының техникасына 50 пайыз, сепкішке 50 пайыз беріп жатыр. Жұмысшыларымыз күніне 15 мыңнан алады, сонда 1 айда 450 мыңдай табады,-дейді Нұрлан Абылқасымов.

Сөз арасында 2012 жылы университет бітіргелі бері ауылда қара шаңырақта әкесіне қолғанат болып, шаруашылықтың басшылығында жүрген Нұрлан Абылқасымов қамбадағы үйіліп жатқан «Диковит» тұқымды сояны көрсетті. Бұрынырақта өнімді Сарқан қаласындағы «Мақай» ЖШС-не өткізіп келгендерін, кейінірек

әр түрлі себептерге байланысты Көксу ауданындағы «Уыз Май индустри» ЖШС-не жөнелтетіндерін айтты.

Сонымен қатар Нұрлан Балтабекұлы шаруашылықта бел жазбай еңбек етіп жүрген жұмысшылардың да еңбегін атап өтті. Олар 20 жылдан аса жұмыс істеп келе жатқан Саят Исабаев, сонымен қатар Біржан Ермұхаметов, Жанат Рыспеков, Нұржан Мүсірепов, Нұрмұрат Мүсірепов, Дәурен Мүсіреповтер ортақ істің ілгерілеуіне өз үлестерін қосуда.

Балтабек ағаның ұлдары шаруашылықтың әр саласында еңбек етуде. Мысалы, үйдің үлкені Бауыржан қант қызылшасының комбайнері болса,

Қарабөгет ауылындағы Балтабек ағаның отбасы ауылды абаттандыруға, ел еңсесін көтеруге қаржылай үлес қосып жүрген жайы бар. «Мектепке жол» акциясы аясында жыл сайын арнайы санаттағы отбасыларда тәрбиеленіп жатқан мектеп оқушыларына 100 000 көлемінде көмек көрсетеді. Шаруа қожалығындағы жұмысшылардың отбасына жалақысынан тыс материалдық көмекті ұдайы көрсетіп отырады. Көмекке мұқтаж ауыл тұрғындарына әр қашан көмек қолын созуға дайын тұратын азамат. Сонымен қатар тұрғындардың шаруашылығына техникасымен де көмек көрсете білетін адам. Сарқан ауданының Құрметті азаматы, жаңалыққа жаны құштар ағамыздың өнегесі көпке үлгі болып отыр.

Қазақта «Әке көрген оқ жонар» деген



Бақытжан астық комбайнын жүргізеді, Ержан болса тиегіш жүргізеді.

Сөз арасында Нұрлан Балтабекұлы шаруа қожалықтың иелігіндегі алқапқа қант қызылшасынан американың Бтс 590, немістердің КВС, кейінгі кезде танымал бола бастаған Канвиза старт тұқымдарын сепкенін айтып өтті.

жақсы сөз бар. Сол сияқты ісі ұсынықты жанның тәлім-тәрбиесін көрген Нұрлан Балтабекұлы шаруашылықты дөңгелентіп, әкесі салған сара ізді жалғастыруда.

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ.

Конкурс

Хабарландыру

Конкурсты ұйымдастырушы: «Жетісу облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ; электрондық поштаның мекенжайы: dpp_md@mail.ru; байланыс телефоны: 8 (7282) 32-93-92.

Конкурстың нысанасы: өлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне және «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасының финалистері болып табылатын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік грант беру.

Конкурс нысаны: ашық конкурс.

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді беру орны: (<https://www.kezekte.kz>) субсидиялаудың ақпараттық жүйесінің веб-порталы.

Конкурстық құжаттаманы ұсыну тәртібі: конкурсқа қатысу үшін үміткерлер бекітілген нысан бойынша электрондық өтінімді және толық конкурстық құжаттар топтамасын ұсынады.

Өтінімдерді ұсыну мерзімі: 2024 жылғы «25» қарашадан бастап 2024 жылғы «26» қарашаға дейін қоса алғанда.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін түскен өтінімдер қабылдауға жатпайды.

Барлық туындаған сұрақтар бойынша Жетісу облысының кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасына хабарласуға болады: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 26, 1 қабат, оң қанат, 106 кабинет немесе 8 (7282) 32-93-92 телефоны арқылы.

Осы хабарландырумен және конкурстық құжаттамамен өңірлік үйлестірушінің «Жетісу облысы әкімдігінің кәсіпкерлік және индустриалдық-инновациялық даму басқармасы» ММ ресми сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial/press/news/details/874116?lang=ru> және Instagram https://www.instagram.com/zhetysu_kasipkerlik_basqarmasy?igsh=NTZucGdvaWE3aDM5 мен Facebook <https://www.facebook.com/share/bGYGexu5XLKJB8WL/?mibextid=LQQJ4d> өлеуметтік желілерінде танысуға болады.

Объявление

Организатор конкурса: ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата области Жетісу»; адрес электронной почты: dpp_md@mail.ru; контактный телефон: 8 (7282) 32-93-92.

Предмет конкурса: предоставление государственного гранта субъектам социального предпринимательства, субъектам малого и среднего предпринимательства, являющимся финалистами программы «Одно село – один продукт».

Форма конкурса: открытый конкурс.

Место подачи заявок для участия в конкурсе: веб-портал информационной системы субсидирования (<https://www.kezekte.kz>).

Порядок предоставления конкурсной документации: для участия в конкурсе претенденты представляют электронную заявку по утвержденной форме и полный пакет конкурсной документации.

Сроки предоставления заявок: с «25» ноября 2024 года по «26» ноября 2024 года включительно.

Заявки, поступившие по истечении указанного срока, приему не подлежат.

По всем возникающим вопросам обращаться в управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития области Жетісу по адресу: г. Талдықорған, ул. Кabanбай батыра, 26, 1 этаж, правое крыло, кабинет 106 или по телефону 8 (7282) 32-93-92.

С настоящим объявлением и конкурсной документацией можно ознакомиться на официальном сайте регионального координатора: ГУ «Управление предпринимательства и индустриально-инновационного развития акимата области Жетісу» <https://www.gov.kz/memleket/entities/zhetysu-industrial/press/news/details/874116?lang=ru> в социальных сетях Instagram https://www.instagram.com/zhetysu_kasipkerlik_basqarmasy?igsh=NTZucGdvaWE3aDM5 и Facebook <https://www.facebook.com/share/bGYGexu5XLKJB8WL/?mibextid=LQQJ4d>.

БҮГІНГІ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ТӘУЕЛСІЗ ӘРІ БАҚУАТТЫ ҒҰМЫР КЕШІП ЖАТҚАНЫ ЕҢ АЛДЫМЕН ЕЛІ МЕН ЖЕРІ ҮШІН ҚАСЫҚ ҚАНДАРЫ ҚАЛҒАНША КҮРЕСІП, АЯНБАЙ ЕҢБЕК ЕТКЕН КЕШЕГІ АҒА ҰРПАҚТЫҢ АРҚАСЫ ДЕСЕК, АҚИҚАТТАН АЛШАҚ КЕТЕ ҚОЙМАСЫМЫЗ БЕЛГІЛІ. СОЛАРДЫҢ ҚАТАРЫНДА ТҮРКІСТАН-СІБІР (ТҮРКСІБ) ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ БОЙЫНДАҒЫ ШАҒЫН ҒАНА ҚАРАТАС ДЕП АТАЛАТЫН БЕКЕТТЕ ӨМІР СҮРІП, ЖОЛ ҚАТЫНАСЫНЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТІП ӨТКЕН АРЫНҒАЗЫ МЕЙРАМБАЙҰЛЫ МЕН ОНЫҢ ЗАЙЫБЫ БАТИХА АСЫЛБЕКҚЫЗЫНЫҢ ДА ҮЛЕСІ ЗОР ЕКЕНІ АНЫҚ.



тұңғыш баласы Жексембай дүниеге келгеннен бастап жұмысын тастап, үй шаруашылығында бала тәрбиесімен айналысқан екен. 1951 жылы қызы Нәзипа, 1953 жылы екінші ұлы Сәкен дүниеге келеді. Енді берекелі отбасы еңбекпен қатар бала тәрбиесімен айналысып, солардың азамат болып өсуіне жағдай жасайды.

Тұңғышы Жексембай Новосибирск жоғарғы оқу орнын бітірген соң өзінің туып-өскен өлкесі Талдықорған облысына қызметке келген. Жетісу өңірінде Алакөл, Бөрлітөбе, Қаратал аудандарында еңбек етті. Алматы облыстық телекоммуникация дирекциясының бас директоры бол-

Еңбекпен есейгендер...

Арынғазы Мейрамбайұлы бар саналы өмірін теміржол саласына арнаған еңбек ардагері. Ол 1923 жылы Семей облысы, Шар ауданында қарапайым шаруа отбасында дүниеге келген.

1933 жылы ашаршылық кезінде бала-шағасын нәубеттен құтқару үшін Қытай жағына өтпек болып, шекараға бет алғанда Қызыл әскерлер оларды бораған оқпен қарсы алады. Осы кезде әке-шешесі мерт болып, 10 жастағы Аринғазы тұлдыр жетім қалады.

Осы кезден бастап ол Түсіпжан Байғұнұсов ағасының отбасында тәрбиеленеді. Аягөз стансасында ашылған интернатта оқып, 4 сынып білім алды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы басталған тұста 18 жасқа келген Аринғазы ұрыс даласына жіберілмей, еңбек майданына жолданады. Сәт сайын қауіп-қатердің астында жүрмеді демесең, бұл өзі адам төзгісіз еңбектің қайнаған ортасы болатын. Осылайша ол үш жыл Ресейдің Барнауыл қаласында теміржолға шпал шығаратын заводта жұмыс істеді. Соғыс аяқталғаннан кейін елге қайтып келіп, Матай дистанция бөлімінде Ақбалық, Қаратас разъездерінде қарапайым теміржолшы болып еңбек етеді.

Білімі төрт класс болса да өз жұмысын жақсы білетін. Еңбекпен шыңдалған азамат үнемі озаттардың қатарынан көрінетін. Сол уақыттары «мемлекет ішіндегі мемлекет» атанып, темірдей тәртіпке құрылған теміржол саласының басшыларынан, ПЧ – 30 (путевая часть) Матай дистанциясын басқарған Күрбеновтің қолынан алғыс хат, қаржылай сыйлық алып тұратын. «Бесжылдықтың жүлдегері» белгісін құрметпен омырауына таққаны да сол озат еңбегін арқасы деп түсінуі керек.

Бораған қыс болсын, күйіп тұрған жаз мезгілі болсын Аринғазы Мейрамбайұлы жұмысына өте жауапкершілікпен қарайтын. Ол заманда әскери тәртіпке құрылған теміржолдың жұмысы өте қатал болатын. Жүк эшелондарын былай қойғанда, жолаушы таситын поездар әр минутына дейін уақытымен жүріп, кешігу деген үлкен дауға айналып жатушы еді.

Осылайша, ашаршылықты, Ұлы Отан соғысының зардаптарын, сол кездегі еңбек майданының ауыртпашылығын көрген Аринғазы Мейрамбайұлы ұрпағын бейбіт заманда жақсы өмір сүруге талпын-

дырып, жоғары білім алуға бар күш-жігерін жұмсаған екен-ау.

Теміржол - мемлекеттің экономикалық күретамыры болғаны белгілі. Ол кезде автомобиль көліктері әлі дамымаған, жолдар сапасыз болатын. Сондықтан жүк тасу салмағы түгелдей темір жолға жүктелетін. Теміржолдың жұмысшылары тыным таппай, тәулігіне 24 сағат жұмыс істейтін. Пойыз қозғалысының қауіпсіздігіне өте жоғары көңіл бөлінетін. Теміржол дистанциясының бақылауында айырық аралық жұмыстарды

сы, мәдениет үйі, дүкені халыққа сапалы қызмет көрсететін. Жердің астынан шығатын су сапасыз болғандықтан вагон - цистернамен жеткізіп адамға да, малға да су тасып беруші еді-у. Қарап отырсақ, сол уақыттағы жүк тасымалы қазіргіден шамамен үш есе көп болатын, ал теміржол қатынасы толассыз жұмыс жасап тұратын.

Арынғазы Мейрамбайұлы алыс-жақындағы туған-туыстарына ерекше қарайтын жан еді. Өмірінің соңғы кезіне дейін бәрімен араласып, уақыты болмай жатса телефон арқылы ха-

ды. Туып-өскен ауданын ешқашан ұмытпай, осы өңірден мамандарды өсіріп, телекоммуникация саласын өркендете білді. Демеуші, меценат ретінде жақсы істердің көш басынан көрінді. Майдангер әке алдындағы парызын ұмытпай туған жерінде майдангерлер есімі жазылған стелла орнатып, қоғамдық шаралардың басы-қасынан табылды. «Құрмет» орденінің иегері, бірнеше мәрте Алматы облыстық мәслихатының депутаты болып сайланған Жексембай Аринғазыұлының демеушілігімен жүзеге асқан ізгі істер жұртшылықтың жадында.

Болат жолдың бойындағы разъездерде тұратын адамдар тәртіпке бағынған, тазалықты қатаң ұстайтын жандар еді. Теміржол басшылары бекеттерде тұратын адамдардың жұмысын, әлеуметтік хал-ахуалын жиі тексеріп тұратын. Жылына бір рет теміржолшылар отбасыларының тұрмыс тазалығын қарауға комиссия шығатын. Сол комиссияның үздік бағасына ие болып, Бәтиха Асылбекқызы алғыс хат, материалдық сыйлықтар алған кезі де аз болған жоқ. Осының өзі балаларына үлкен өнеге болды. Олар әкешеден көрген-білгендерін өмірлерінде орынды пайдаланып, немерелеріне де үлгі етіп айтып отыратын.

Соғыс кезінің ауыртпашылығын, қиындықтарын зайыбымен, елмен бірге көрген Бәтиха Асылбекқызы жыл сайын 9 - Мамыр Жеңіс күні алаңға гүл шоқтарын қоюды әдетке айналдырған. Ол дәстүрінен бір жаңылған да емес. Еңбек ардагері, ардақты ана 97 жасында үш баласынан тоғыз немере, солардан өрбіген бірнеше шөбере көріп, бақилыққа аттанды.

Бүгіндері олардан өрбіген ұрпағы ата-анасына еңбекқор етіп тәрбиелегені үшін алғыстарын айтып отырады. Адал да шыншыл, еңбекқор, мейірімді жандар артында қалған ұрпағына жол сілтеп тұрғандай. Өмірдің сан - қилы соқпағымен өрге тартып, алдымен «Адам бол» деп тәрбиелеген асыл бейнелері мәңгілік жадында сақталады.

Қуат ҚАЙРАНБАЕВ.



оңтайлы ұйымдастыру мақсатында селекторлық байланыс әрдайым 24 сағат қосулы тұратын. Мысалы, Ақтоғай - Матай жолында минут сайын не болып жатқаны хабарланып, жол бойынан әлдеқандай кінәрат шыға қалса жұмысшылар дереу аттануға дайын тұрушы еді.

Ол уақытта теміржол бекеттерінде балалы-шағалы отбасылар молынан тұратын. Соған орай үкімет теміржол бойында жұмыс істейтін адамдарға ерекше көңіл бөліп, олардың балалары 1 - 4 сыныпты ауылдағы бастауыш мектепте оқитын. Ал 5 -10 сынып оқушылары Матай стансасында нөмірі 256-шы мектеп-интернатында білім алатын. Барлық жағдайлары жасалынған интернаттың тұрмысы мен оқу үрдісі керемет ұйымдастырылғаны өз алдына бөлек әңгіме. Демалыс күндері үйлеріне поездбен тегін, жол ақысыз жіберілетін. Теміржолдың өзіне тиесілі аурухана-

барласып, амандықтарын сұрап біліп отыратын.

Арынғазының жан-жары, балаларының анасы Бәтиха Асылбекқызы 1919 жылы туған. Әкесі бақуатты, жағдайы бар адам болуы керек, сол үшін қуғынға түсіп, Сарқан, Бақалы ауылдарына көшіп кетеді. 1934 - 35 жылдары Ақбалық деген бекетке орналасады. Отан соғысының алдында Бәтиха темір жолға стрелочник (жолды бағыттаушы) болып орналасып, еңбек етеді. Соғыс жылдары эшелондарды қабылдап, оларды қажетті жол торабына жіберіп тұрған. Ер адамдар соғысқа аттанып, теміржолшылар жетіспегендіктен, кейбір уақытта екі, үш ауысым қатарынан тұратын кездері де болған. Ұлы Отан соғысы жылдары жеңіске қосқан үлесі үшін «Сталин» және өзге де медальдарымен марапатталып, көптеген сыйлықтар, грамоталар алған.

Сол Қаратас ауылында 1949 жылы

Жаны жайсаң аға

Мен аға деп отырған Байжұманов Сәрсенбай Әмірғалиұлы біреуге асыл жар, біреуге әке, біреуге бауыр жүрегі жайсаң, кісіден көмегін аямайтын ақкөңіл азамат.

Аға – бір ананың жатырынан таласып шыққан сенің ең жақын бауырың. Аға әркез саған қолдау көрсетіп, жаныңнан табылып, сүрінгенде қайта тұруыңа көмектесетін бірден бір жан. Саған өзгелердің ауыр сөз айтқанын естісе, саған жамандық пен әділетсіздік істелінсе жаны қиналатын, сені ойлап уайымдайтын жанашыр адамың.

Байжұманов Сәрсенбай Әмірғалиұлы 1954 жылы 28 маусымда Қарабөгет ауылында дүниеге келген. Отбасында 6 ұл, 3 қыз. Әкесі Әмірғали ата ауылдың алғашқы механизаторы, шынжырлы ХТЗ тракторын бағындырған, Ұлы Отан соғысының ардагері. Анасы Мамық апа «Батыр ана» төсбелгісінің иегері.

1983 жылы облыстық «Октябрь туы» газетіне анам Мәукебаева Би-жамал «Мамық шешейдің балалары» мақаласында былай деп жазып еді:

«Ұлың өссе - ұлы жақсымен, қызың өссе - қызы жақсымен ауылдас бол» демекші, Әмірғали әкейден туған 9 бала ауылымыздың жастарына үлгі боларлықтай болып өсіп келеді. Әмірғали ақсақал Құдайберген үйленгенде шексіз қуанған еді. Бірақ кейінгі балаларының үйленгенін көре алмады.

Тоғыз бала тәрбиелеу Мамық шешейге оңай тиген жоқ. Ол өзінің өндірістегі еселі еңбегін үлгі ете жүріп балаларын заманымызға лайық өсіріп келеді.»

Сәрсенбай ағамыз 1 класты А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде оқыды.

Алғашқы ұстаздары ҚССР халық ағарту ісінің озық қызметкері Д.Төлеубаев, Мүкреева апа.

1971 жылы орта мектепті ойдағыдай тәмамдаған. Сарқан мектеп-интернаты Талғар қаласындағы спорт мектебіне,



жеңіл атлетика класына жіберді.

Сол кездегі замандастары сияқты еңбекке ерте жастан араласты. Сәрсенбай аға білім алуды ең басты мақсатым деп ойлады. Ермак қаласының физкультура техникумын 1 жыл оқып, әскерге 1973 жылы көктемде алынды.

1973-1975 жылдары әскери қызметін Забайкалье әскери округінде, Ресейде атқарды. Әскер қатарында КОКП мүшелігіне өтті. Әскерден кіші командир аға сержант атағын алды. Әскерден келген соң 1975 жылдың күзінде оқуын жалғастырды. Ермак қаласының физкультура техникумын 1976 жылы қызыл дипломға бітіріп шықты. Дене шынықтыру техникумын оқып жүріп, Арыс қаласында жеңіл атлетикадан 10 шақырымға жүгіруден спорт шеберлігіне үміткер атанды.

1976 жылы Сарыарқаның сұлу қызы Сәруар Жәзитқызына үйленді. Ол кезде Сәруар жеңеміз Ермак қаласында

дүкенде сатушы болған.

Ағамыздың сөзімен айтқандай аппақ қыз еді. Сәруар тәтеміз әлі де өңін бермеген, аппақ.

Сәрсенбай Әмірғалиұлы еңбек жолын Қарабөгет ауылында бастады. Совхоз комсомол ұйымының хатшысы, спорт нұсқаушысы қызметтерін 1976-1978 жылдарда атқарды.

Ауылдық кеңес хатшысы қызметін 1978-1986 жылға дейін атқарды. 1986 жылдан бастап Әл-Фараби атындағы орта мектебінде алғашқы әскери дайындық, дене шынықтыру пәні мұғалімі болып қызмет істеді.

Отставкадағы капитан.

1984 жылы Абай атындағы педагогикалық институттың тарих факультетін сырттай оқып бітірген ол 34 жылда талай шәкірт тәрбиелеп өсірді.

Ұстаздық қызметінде облыстық, аудандық оқу бөлімдерінің, спорт басқармасының мақтау грамоталарымен марапатталды.

Шахматтан аудандық жарыстардың талай жүлдесін қанжығасына байлаған. Сонымен қатар үстел теннисі, баскетбол, волейбол ойындарының шебер ойыншысы. Ата жолын қуған немересі Айкүнім де шахматқа бейім.

2017 жылы зейнеткерлікке шыққан ағамыз ұстаздық жолын қуып, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі мамандығын алған Төлеубаев Асқар, Болысбеков Арсен, Қабанбаев Серік, Иманжанов Серік сынды оқушыларын мақтан тұтады.

Ардагер ұстаз шахматтан талай жарыстарға қатысып, аудандық жарыстарда жүлделі орындарға ие болумен қатар қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысып, талай жыл Қарабөгет ауылдық сайлау комиссиясының төрағасы болды.

Ұлы Даурен Ақтөбе қаласындағы екі мәрте Совет Одағының батыры Талгат Бигельдинов атындағы әуе күштері училищесін 1997 жылы бітірген, ұшқыш.

Ерлан әке жолын қуған, алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі, жоғарғы білімді.

Қызы Дальмира жоғарғы білімді-биология пәнінің мұғалімі, мектеп директорының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары.

"Әкем Әмірғали "өсіңдер, оқыңдар" деп, анам Мамық "көпшіл бол, ешкімді ренжітпе" деп ұлағатын санамызға сіңіріп отырушы еді" деп еске алады ағамыз.

Үш баласынан 5 немере сүйіп отыр.

Жұмыс барысында Қазақстанның қай түкпіріне барсаң да ағамызды танитын кісілер кездесе кетеді.

Аға дегенде әуелі көз алдымызға ірі денелі, сөзі өткір, жүзінде мейіріммен қоса қаталдылығы да бар жанды елестетеміз. «Ағасы бардың жағасы бар» деген сөздің астарында терең мағына мен бауырлар арасындағы шексіз махаббат жатыр. Қиналған кезде әркез қасыңнан табылып, сен үшін жанын қиюға дайын болатын, сені өзінің қамқорлығына алып жүретін ағаға жетер кім бар дейсіз? Ағамызды 70-жас мерейтойымен құттықтай отырып зор денсаулық, отбасына амандық, қуаныш, табыс тілеймін!

Байжан СЕЙІТҚҰЛОВ.
Қарабөгет ауылы.

«Жетісу облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» мемлекеттік мекемесінің «Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалы Сарқан аудандық Кеңесі атқару комитетінің 29.12.1989 жылғы № 24-397 санды шешімдерінің негізінде жеке құрам бойынша шаруашылық есептегі Сарқан ауданының архиві болып, жеке және заңды тұлғалардың құжаттарының мемлекеттік сақталуын есебін және пайдалануын қамтамасыз ету үшін және аудан аумағындағы азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қанағаттандыру және қорғау мақсатында құрылған.

1995 жылы Сарқан аудандық архив Талдықорған облыстық архивтер және құжаттама басқармасы болып атауы өзгерді.

1997 жылы Талдықорған облысының қысқаруына байланысты Алматы облыстық архивтер құжаттамасы басқармасына қарады.

1999 жылы «Алматы облысының мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалы болды.

2014 жылдан «Алматы облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалы болып аталуда.

2022 жылдан «Жетісу облысының

35 жылдық тарихымыз бар

мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалы болып аталуда.

Филиал қызметінің мәні заңмен белгіленген тәртіпте ұлттық құндылық ретінде танылған, Жетісу облысының Сарқан ауданында орналасқан және архивтің жинақтау көздеріне жататын мекемелердің, ұйымдардың, барлық меншік түрлеріндегі кәсіпорындардың іс-әрекетінде қалыптасқан айрықша тарихи, ғылыми, әлеуметтік және мәдени маңызы бар құжаттарды сақтау мен пайдалану болып табылады. Филиалда Сарқан ауданы бойынша барлық мекеме, ұйымдар, колхоз, совхоздардың құжаттарымен қоса 1997 жылы тарап кеткен Бөрлітөбе ауданы бойынша да колхоз, совхоз, мекеме, ұйымдардың құжаттары сақталуда. Бүгінгі таңда филиалда 52 000 іс мемлекеттік сақтауда.

Филиал қызметінің мақсаты Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қорын толықтыру, қоғам мен мемлекеттің қажеттіліктерін қанағаттандыру, азаматтардың заңды құқықтарымен мүдделерін жүзеге асыру болып табылады;

Филиал мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық архив қоры құжаттарын және басқа архивтік құжаттарды белгіленген тәртіпте сақтауға алуға іріктеу және қабылдау;

2. Филиалға архивтік құжаттарды жинақтау;

3. Сақтауға алынған және сақталып жатқан құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету;

4. Сақтауда жатқан құжаттардың іс жүзінде пайдалануын ұйымдастыру;

5. Жеке және заңды тұлғалардан түскен әлеуметтік-құқықтық, тақырыптық сұраныстарды орындау;

6. Белгіленген тәртіпте құжаттардың көшірмелері мен архивтік анықтамаларын беру;

7. Құжаттарды сақтаудың оңтайлы жағдайын жасау және олардың физикалық сақталуын қамтамасыз ету бойынша іс-шараларды жүргізу;

8. Архив құжаттарына, құжаттардың құрамы мен мазмұны туралы архивтік анықтамаларға ғылыми-анықтамалық аппарат құру және оны жетілдіру;

9. Белгіленген тәртіпте сақтауға түскен құжаттардың құндылығына сараптау жүргізу;

10. Мемлекеттік сақтауға жататын

архивтік құжаттардың, айрықша құнды және бірегей құжаттардың сақтандыру көшірмелерінің физикалық, санитарлық-гигиеналық, техникалық жағдайын тексеру, сондай-ақ жинақтап есепке алу;

11. Филиалдың жинақтау көздері болып табылатын - мекемелердің іс жүргізушілік, архивтік және сараптамалық қызметіне әдістемелік көмек көрсету;

12. Архив құжаттарындағы ақпаратты анықтау және құжаттарды басып шығару, көрме ұйымдастыру, БАҚ арқылы архивтік құжаттарындағы ақпараттарды пайдалану.

2014 жылы облыс басшыларының қолдауымен 1968 жылы салынған 50-жылдық тарихы бар ғимаратымызға алғаш рет күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жылдар өте келе материалдық-техникалық жағдайымыз жақсарып, қосымша штат берілді. Қазіргі таңда құжаттарды біріңғай электронды түрде сақтау жұмыстары қолға алынып, жалғасын табуда, бұл архив мамандарының жұмысын жеңілдетіп, оңтайландырады.

35 жылдық тарихы бар архивті басқарып отырғаным биыл 31 жыл толып отыр. Алғашқы жылдардағы жағдайымыз көш жерде қалған екен, дегенмен де архивтің жұмысы қиындығы мен қызығы да бірге болған, сол қиын-қыстау кездерімізді бастан өткерге келе, бүгінгі таңда көптеген жетістіктерімізге қол жеткіздік.

Маржан КАРИПОВА,
«Жетісу облысының мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Сарқан филиалының директоры.



мектеп ұжымының еңбегіне үлкен қолдау болып, әрі қарай да жақсы нәтижелерге жетуіне тілектеспіз!

Шындығында, дәрігер денсаулық туралы, ал полиция қызметкері қылмыс туралы айтқан кезде – балалар мұны байыпты қабылдайды, күнделікті ұстаздың айтқанынан гөрі нағыз маман иесі өз аузымен түсіндірсе балаларға жақсы әсер қалдырады. Аурухана қызметкерлері мектепке арнайы келіп, оқушылар мен ұстаздарға қамқорлық көрсетіп, денсаулыққа қатысты кеңестер беріп, қажет болған жағдайда балалармен жеке кездесулер де ұйымдастырып жүрді. Бұл іс-шара оқушыларға медициналық көмекке деген сенімділікті арттырып, олардың денсаулыққа деген саналы көзқарасын дамытуға ықпал

Ұстаздардың қоғамдағы рөлі мен олардың еңбегінің маңыздылығы ерен.

Ұстаздардың жас ұрпақты тәрбиелеп, білім беруде алатын орны ерекше, олардың балалардың болашағына тікелей әсер ететінін, ұстаздардың тек білім ғана емес, тәрбие, жауапкершілік пен адамгершілікті бойға сіңіруде үлкен рөл атқаратын жанның бірі. Мұндай құрметті сөздер ұстаздың еңбегін бағалап, олардың қоғамдағы мәртебесін арттырады және ұстаздардың қажырлы еңбегіне ризашылық білдірудің белгісі ретінде қабылданады.

Ұстаз – шәкірттерінің жан дүниесін қалыптастыратын және шәкірттердің жақсы қасиеттерінің өсуіне себепкер болатын, сонымен қатар шәкірттің жүрегін, жанын азықтандыратын адам.

МЕКТЕП ПЕН МЕДИЦИНА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ АРАСЫНДАҒЫ БЕРЕКЕЛІ БАЙЛАНЫС

Осы айтылған дана сөздерді Қарауылтөбе орта мектебінің ұстаздарының бойынан көруге болады. Біз аудандық аурухана қызметкерлері, емхана дәрігері (терапевт) Тулегенова Сағатай Абдукасовна емхана психологі Идилова Шолпан Нуркасымовна және гинеколог Молдабек Ләйлә Бақытжанқызы және өзге де денсаулық сақшылары әр жыл сайын Қарауылтөбе орта мектебі директорының тәрбие орынбасары А.Абзалбекованың шақыртуымен мектептеріне барып, ата - аналар және оқушыларына берілген тақырыптар бойынша кездесу ұйымдастыруды дәстүрге айналдырдық. Бұл мектептің білім беру деңгейінің жоғары екенін және оқушылардың денсаулығына ерекше мән берілетінінің айғағы. Мектепке кіргеннен жылы шыраймен қарсы алған әр жанның бейнесі, ғимарат ішінің жылулығы кірген адамды өзіне баурап алады.

Мектептің таза және қауіпсіз ортаны қамтамасыз еткенін, оқушылардың тәртіпті әрі сыпайы екенін, ұстаздардың өз жұмысына жауапкершілікпен қарайтынын, сондай-ақ мектепте денсаулық сақтау шараларының дұрыс ұйымдастырылғанын ерекше атап өткіміз келеді. Мұндай мақтау сөздер

етеді. Мұндай жылы ілтипат мектеп пен медицина қызметкерлері арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдағы жауапкершілік пен өзара қолдауды күшейтеді.

Сарқан аудандық орталық аурухана ұжымы.



Бала тәрбиесі отбасынан басталады

Адам қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Өйткені оның психикасы тек айналасындағылармен қарым – қатынас жасау процесінде ғана қалыптасады. Сондықтан балаңыз кімдермен дос, кімдермен қарым-қатынас жасайды деген сауал үнемі сізді мазалауы тиіс. Соңғы кездері қоғамымызда түрлі келеңсіздіктер орын алуда. Бір-біріне әлімжеттік жа-



сау, өз-өзіне қол салу, қыздардың бір-біріне қол жұмсауы сияқты ақылға сыйымсыз дүниелер сөзсіз отбасындағы дұрыс тәлім-тәрбие берілмеуінің нәтижесі деуге болады. Балаңызды сіз тәрбиелемесеңіз оны көше тәрбиелейтіндігі сөзсіз. Сол себепті жасөспірімнің тәрбиесіне жете көңіл бөліп, онымен ашық сөйлесу, жақын қарым-қатынас жасау өте маңызды. Жалпы, бала тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икем болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Сондай-ақ балаңды тәрбиелегің келсе бірінші өзіңді тәрбиеле деген даналық сөзді де ескергеніміз жөн. Балаңызбен жеке отырып сөйлесуге уақыт бөліңіз. Бұл өте маңызды. Ата-ана мен бала арасындағы терең және үздіксіз қатынас болуы қажет. Бұл тәрбиелеудегі негізгі талап. Жұмыс кестеңіз қанша қауырт болса да, балаңызбен бір сәт әңгімелесуге күн сайын уақыт арнаңыз. Оның қажеттіліктері туралы сөйлесуге, сүйіспеншілігіңізді көрсетуге, онымен ойнауға және бірлесе әрекет етуге мүмкіндік беріңіз. Сөз соңында айтарым отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Яғни келешегі айқындалады. Ал тәрбиелі бала еліміздің басты байлығы, құндылығы деуге болады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, үлгі-өнеге көрсетуші және ақыл-кеңес айтушы болып танылады.

Айнұр КОЖАБЕКОВА,
Шатырбай орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі.

Жаңа технологияларды пайдаланудың тиімді жолдары

Заман талабына сай көштен қалмай қазіргі таңда педагогтан өз пәнінің терең білгірі ғана болу емес, теориялық, нормативтік – құқықтық, психологиялық – педагогикалық, дидактикалық әдістемелік тұрғыдан сауатты және ақпараттық компьютерлік технология құралдарының мүмкіндіктерін жан – жақты игерген ақпараттық құзырлығы қалыптасқан маман болуын талап етуде. Қазіргі таңда басты мәселе – білім сапасы десек, осы білім сапасын арттырудың тиімді жолы - білім беру жүйесінде түрлі жаңа технооияларды молынан қолдану. Осындай жаңа технооияларды пайдалану арқылы келешек қоғамымыздың мүшелері-жастардың бойында парасаттылықты, білімділікті қалыптастыру мұғалім алдында тұрған ең басты міндет.

Жаңа технологияны пайдалану арқылы оқушылардың білім мазмұнын өздігінен игеруде белсенділік, қызығушылық танытып, өзіндік ой қорытындысын жасауға ынталандырып, ізденушілікке талпынуға, өз пікірін дәлелдеуге, қорғай білуге, яғни шығармашылық іс-әрекетті қалыптастыруға болатынына тәжірибе барысында көз жеткізуге болады. Біздің мектептің бүгінгі жайы мен ертеңі, оқушылардың білімділік және тәрбиелік деңгейі шешуші дәрежеде мұғалімге, ата-анаға және қоғам қауымдастығына жүргізілген жұмыстарға жаңаша қарауды талап етеді. Мұғалім сабақта әдіс - тәсілдерді пайдалана отырып, балалардың ұсыныс - пікірлерін еркін айтқызып, ойларын ұштауға және өздеріне деген сенімін арттыруға мүмкіндік туғызып отыру қажет. Жаңа технологияны меңгеруде мұғалімнің жан – жақты білімі қажет. Қазіргі мұғалім педагогикалық үрдісте жүйелі жұмыс жүргізе алатын, өзгерістерге тез төселетін, жаңаша ойлау жүйесін меңгере алатын, оқушылармен ортақ тіл табыса алатын, білімді, іскер, шебер әрі ең бастысы жаңашыл болуы керек.

Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы – өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек. Сондықтан қазіргі мұғалім сабақ барысында жаңа технооияларды орынды пайдаланып, шәкіртке дұрыс бағыт-бағдар бере алуы өте маңызды. Сабақта жаңашылдыққа негізделген соны әдіс-тәсілдерді жиі пайдалану арқылы оқушының білімін жаңа деңгейге көтеруге болады. Кез-келген уақытта ақыл-ойы дамыған, шығармашылық әрекетке бейім, өзіне-өзі сенімді ұрпақ тәрбиелеу үшін сабақта инновациялық технология элементтерін пайдаланайық.

Анар УАЛИЕВА,
Шатырбай орта мектебінің химия-биология пәндерінің мұғалімі.

Спорт

Амангелді ауылдық округінде 25 қазан – Республика күніне орай ұйымдастырылған ерлер және әйелдер арасындағы волейбол чемпионаты елді-мекен тұрғындарының спортқа деген қызығушылығын арттырып, салауатты өмір салтын насихаттауға бағытталды. Бұл чемпионатқа ауыл жастары, жергілікті тұрғындар және ауылдың спортсүйер қауымы белсенді қатысып, шараның маңызды бөлігіне айналды.

Чемпионаттың ашылу салтанатында Амангелді ауылдық округінің әкімі Ерлан Әбілбеков, Сарқан ауданының спорт ардагері Нұрболған Бутаев және Көкөзек орта мектебі директорының міндетін атқарушы Ардақ Нұржанова сөз сөйлеп, жарысқа қатысушыларды Республика күнімен құттықтады. Олар ауыл жастарының спортқа деген қызығушылығына ризашылық білдіріп, чемпионаттың маңыздылығын атап

Жастарға жігер сыйлағды

өтті. «Біз үшін жастардың салауатты өмір салтын ұстануы, спортпен белсенді айналысуы өте маңызды. Мұндай шаралар ауыл тұрғындары арасында достықты нығайтып, ұйымшылдықты арттыруға ықпал етеді», - деді Ерлан Әбілбеков өз құттықтау сөзінде.

Чемпионаттың басты мақсаты – жастарды ынталандыру, ауылдағы спорт мәдениетін дамыту және жастардың бос уақыттарын тиімді өткізуін қамтамасыз ету болды. Бірнеше команда қатысып, әрқайсысы өз шеберліктерін көрсетуге тырысты. Әйелдер арасындағы ойындарда қатысушылардың жеңіске деген ұмтылысы мен өзара қолдауы ерекше байқалды. Қорытындысында, "Жалынды жастар" командасы барлық қарсыластарын артқа тастап, бірінші орынды иеленді. Екінші орынды "Ханымдар" командасы еншілеп, жоғары

деңгейдегі ойын көрсетті.

Ерлер арасындағы ойындар да қызу тартысқа толы болды. Бұл жарыста "Отбасы" командасы үздік шығып, чемпиондық атақты жеңіп алды. Екінші орынды "Көкөзек жастары" командасы иеленсе, үшінші орын "Көкөзек оқушылары" командасына бұйырды. Әр команданың ойыншылары өздерінің жеңіске деген жігерлерін көрсетіп, алаңда бар күш-жігерлерін салды.

Жарыс соңында жеңімпаз командалар мен үздік ойыншылар жергілікті әкімшілік және чемпионат ұйымдастырушылары тарапынан арнайы дипломдармен және кубоктармен марапатталды. Спорт ардагері Нұрлан Бутаев жеңімпаздарға өз алғысын білдіріп, олардың алдағы уақытта да ауыл атын шығаратынына сенім білдірді. Сондай-ақ, ауыл жастарын спортқа белсенді қатысуға, дене

шынықтыруға уақыт бөліп, салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Чемпионат ауыл тұрғындары үшін үлкен мерекеге айналды. Жарысқа жанкүйер болып келген халық командаларды қолдап, оларға күш-қуат беріп отырды. Бұл шараның арқасында ауыл жастарының ұйымшылдығы, бірлігі артып, олардың алдағы уақытта да осындай шараларға белсенді қатысатынына сенім артты.

Алдағы уақытта да Амангелді ауылдық округінде спорттық іс-шаралар ұйымдастыру жоспарлануда. Осылайша, бұл чемпионат жастардың рухын көтеріп, ауылды спорттық аймаққа айналдыру жолында тағы бір қадам болды.

Д. СЕЙТХАНОВ,
Амангелді ауылдық округі бойынша спорт нұсқаушысы.

• Заң және біз



Әскерде сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ

Сыбайлас жемқорлық бүкіл қоғамның әр саласын алаңдатып отыр. 2024 жылғы 31 қазанда Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің жеке құрамымен алдын алу шаралары бойынша ситуациялық кейстерді қолдана отырып, Жетісу гарнизоны әскери полиция бөлімінің алдын алу бөлімшесінің бастығы, әділет майоры Нұрбол Зейтинов «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершіліктер тақырыптарында кездесу өткізді.

Жиын барысында Нұрбол Қабылхайырұлы «Күз 2024» мерзімді әскери шақыру науқаны кезінде әрі күнделікті қызмет барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның талаптарын сақтауға, әрі сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге шақырды.

Өз тілшіміз.

101 ескертеді

Сауда орындарындағы өрт қауіпсіздігі



Тілсіз жау – өрт адам баласына өз зиянын келтіріп, материалдық шығынмен қоса адам өмірін де қиып жатыр. Мәліметтерге сүйенсек өрт салдарынан болған материалдық шығындар үкіметтің емес жеке кәсіпкерлердің, жеке саудамен айналысатын азаматтардың қалтасын таяздатып отыр. Сауда базарларында орын алған өрт оқиғалары негізгі өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамаудан, сондай-ақ, өрттің алдын алуға қарсы іс-шараларды орындауға немқұрайлы қарауы салдарынан,

нысандарды қорғауда өртке қарсы мәселелерді шешуге мән бермеуден, қажетті ұйымдастыру шараларын атқармаудан болып отыр.

Қазіргі уақытта күн көріп нан табудың бір түрі сауда болғандықтан, саудамен айналысатын азаматтар өз сауда орындарыңызда өрт оқиғалары орын алмас үшін өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыздар. Сауда орындарында электр желілерін шамадан тыс жүктемеңіздер, автоматты өрт дабыл қондырғыларының үнемі дұрыс жұмыс күйінде болуын қадағалау, алғашқы өрт сөндіру құралдарының жарамдылығын тексеріңіз, эвакуациялық шығу жолдарын ашық болуын қадағалаңыздар. Сауда орындарында өрт оқиғасы болмас үшін барлық талаптарды орындау өз қауіпсіздігіңіздің кепілі.

М.САРКУЛОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау лейтенанты.

Күзгі балық аулау науқанындағы қауіпсіздік ережелері

Күзде көптеген балықшылар балық аулауды жөн көреді. Сарқан ауданының су айдындарындағы, атап айтқанда Басқан, Сарқан, Лепсі, Теректі өзендері және Балқаш көлінде т.б тіршілік тоқтамайды. Көктем, күз балық аулауды ұнататындардың сүйікті уақыты. Бірақ балық аулау демалудың қауіпсіз түрі емес деп ешкім ойламайды. Өйткені, кез келген су айдыны-адамдардың өмірі мен денсаулығы үшін белгілі бір қауіп-қатер орны. Күзде судың төмен температурасы, егер қайық аударылса, балықшы суда болады, дымқыл киім оны бірден тартып алады, ал суық су қозғалысты тежейді. Мұндай жағдайда қашу өте қиын болуы мүмкін. Сондықтан, аулауға жиналған кезде қауіпсіздік мәселелерін ойластыру қажет.



Емес жерде ұстаған дұрыс;
- желді ауа райында және тәуліктің қараңғы уақытында су айдынына шықпаңыз;

- алкогольді ішпеңіз, өйткені ол реакцияны баяулатады, зейінді босаңсытады және нақты қауіп сезімін басады;

- өзіңізбен бірге ұялы телефон алыңыз.

Есіңізде болсын, балық аулау кезінде қандай жағдай болмасын, сіз сабырлы болуыңыз керек, ақыл-ойдың анықтығы және қалыптасқан жағдайларға сәйкес әрекет етуіңіз керек. Сонда ғана жақсы демалып, төтенше жағдайларды болдырмауға болады.

Егер сізге көмек қажет болса, "112" немесе "101" жедел телефон нөміріне қоңырау шалыңыз.

Ә.ҚАБДЕШОВ,
Сарқан ауданы Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.

Алимент төлеу – міндет

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабы бойынша неке мен отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады. Ал, балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті.



Алимент – отбасы мүшелерін қаржылық қолдаудың бір түрі. Оны төлеуден жалтарғандарды сот мәжбүрлеп төлетеді. Ал, кімнің қанша төлейтіні заңмен анықталады. Бала үшін ата-ананың екеуі де жауапты. Егер отбасы бұзылса, бала көмелеттік жасқа, яғни, 18 жасқа толғанға дейін, ал, білім алуды жалғастырса, 21 жасқа дейін асырауға міндетті. Бұл Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекстің 138-бабында нақты жазылған. Яғни, ата-аналар өздерінің көмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Көмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын ата-аналар дербес айқындайды. Елімізде балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – мемлекеттің әлеуметтік-құқықтық саясатының басым бағыттарының бірі. Яғни, осы мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Егер де борышкер үш айдан астам алимент бойынша берешек болған кезде заңда көзделген шараларды қабылдаймыз. Осыған сәйкес банк шоттарына, нотариаттық іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады. Одан бөлек, ең бастысы – көлік те жүргізе алмайды. Берешегі барларға ел шегінен тыс жерлерге шығуға уақытша тыйым салынады.

А. ИМАНДУСАНОВ,
Жетісу облысы бойынша жеке сот орындаушылар палатасының жеке сот орындаушысы.

Өңір тарихы - өнеге мен өсиет

Қара тасқа қашалған, қатпар-қатпар тарихы бар қазақ ауылдары қаншама. Түгін тартсаң түбінен көненің көмескіленіп қалған жақұтын көріп, неше ғасыр шаң басып жатса да өзінің құндылығын жоймаған. Сол асылдың шаңын бір сүртіп жіберіп, жарқыраған күйінде келер ұрпақтың алдына жайып беру бүгінгі ұрпақтың парызы. Өткенін біліп, келешегін бағдарлайтын жас өрен, сан ғасырлық тарихтың тереңіне бойлап, туған жерге деген сүйіспеншілігі одан ары арта түсетіні анық. Міне, сондай берекесі мен бірлігі жарасқан, ынтымағы тасып, өрісі өркендеген, тарихы бірнеше кітапқа жүк болған Сарқан қаласы.

1868 жылы алғаш болып Сарқан өзенінің бойына, Қапал және Лепсі уездерінен 22 отбасы қоныс аударды. Жетісу өңірінің шұрайлы жерлерінің бірі болып есептелетін Сарқан ауданы 1928 жылы шаңырақ көтерді. Сарқан ауданы Жетісу облысының орталық бөлігінде орналасқан. Солтүстігінде Шығыс Қазақстан облысымен, шығысында Алакөл ауданымен, Оңтүстігінде Ақсу ауданы және Қытаймен, батысында Ақсу ауданымен шектеседі. Ауданның әкімшілік орталығы болып Сарқан қаласы табылады. XII ғасырдың 50-ші жылдары, Француз монахи Гильом де Рубурктың «Шығыс елдеріне саяхат» атты еңбегінің арқасында европалықтар алғаш рет Қойлық қалашығы туралы білді. Аудан орталығы болып есептелетін Сарқан қаласының тарихы жайлы алғашқы мәліметтер Ш. Уәлиханов пен Н.П. Ивлевтің 1857 жылғы жазбаларында кездеседі. 1872 жылы мектеп ашылған. Бұл кезде аймақта дөңді дақылдар (бидай, қара бидай, сұлы), жем-шөптік дақылдар (жоңышқа) өсірумен айналыса бастаған еді. Сонымен қатар омарташылық да жақсы дами бастады. Оның құрамына Черкасск болысы мен Лепсі уезі енді. 1929 жылы аудан аумағында алғашқы болып Тополевка ауылында «Красный путиловец», Сарқан селосында «Красный октябрь» колхоздары құрылды.

1929-1935 жылдары ауданда 35 артель болды. 1930 жылы аудан таратылып, Ақсу және Лепсі аудандарына берілді. 1933 жылы 1-наурызда «Путь Ленина» атты аудандық газет шықты. 1935 жылы Сарқан ауданы қайта құрылды. 1934 жылы алғашқы машина-трактор станциялары жұмыс істеді. 1935 жылы ауданда 14 мектеп болды. Оның ішінде 2 орта, 2 жеті жылдық, 10 бастауыш мектеп барлығы 530 оқушыға дәріс берілді. 1935 жылы ауданда 35 телефон номері жұмыс істеді. 270 нүктелі радио торабы болды. 1600 газет және журналдарға жазылды. 1935 жылы дыбысты кино қондығылар келді. 1964 жылға дейін қала типте поселкі атында, 1968 жылы 31 қазанда Қаз. ССР жоғарғы кеңес төрағасының жарлығымен Сарқан қаласы деп өзгертілді. Аудан аумағында Балқаш, Жасылкөл көлдері бар. Аудан территориясын халық гидрографиялық жүйемен Сарқан, Басқан, Лепсі өзендері жер құнарларын арттыра түседі. Жоңғар Алатауы ауданның оңтүстік, оңтүстік – шығыс және шығыс бөліктерін алып жатыр.

М. ЕЛЕУСИЗОВ,

Сарқан ауданы тарихы музейінің ғылыми қызметкері.



«Қарызсыз қоғам» жобасы жалғасуға

«Қарызсыз қоғам» жобасы қазақстандықтарға, әсіресе ауыл тұрғындары мен әлеуметтік әлсіз топтарға үлкен пайда әкеледі. Оның пайдалы жақтары келесідей:

Қаржылық сауаттылықты арттыру: Жоба қатысушыларды қаржылық жоспарлаудың негізгі дағдыларына және бюджетті басқаруға үйретеді. Бұл қажетті емес қарыздардан аулақ болуға және қаржыны дұрыс пайдалануға көмектеседі. Мұндай білім адамдарға кредиттерге тәуелді болмауға және жеке әл-ауқатын жақсартуға мүмкіндік береді.

Шағын кәсіпкерлерді қолдау: Жоба қаржылық жағдайын жақсартқысы келетін немесе жеке іс бастауды көздейтін адамдарға бағытталған. Кейбір қатысушылар қарыз ауыртпалығынан арылып, өз бизнесін ашып үлгерді.

Кеңес беру және құқықтық қолдау:

Жоба аясында ашылған кеңселер азаматтарға заңдық және қаржылық мәселелер бойынша кеңес береді. Бұл адамдарға құқықтарын түсінуге және қарыз мәселелерін дұрыс шешуге көмектеседі.

Кредит алу жауапкершілігін қалыптастыру: Қаржылық сауаттылық негіздерін үйрету кредиттерге саналы түрде қарауға көмектеседі және болашақта қаржылық қиындықтардан сақтайды. Бұл әсіресе мектептер мен колледждерде арнайы курстар енгізілген жастар үшін маңызды.

Жоба ел экономикасына да оң әсер етеді, себебі кредит төлемдерінің кешігуін азайтып, адамдарға тұрақты қаржылық әдеттер қалыптастыруға көмектеседі.

Ж.АРЫСТАНБЕК,
«Қарызсыз қоғам» жобасының қаржы сарапшысы.

БОЛАТ БИСҰЛТАНҰЛЫ

Жарқын бейнесі жадымызда

Алдыңда жүрген ағаларың келмес сапарға аттанғанда жан дүниенің қатты құлазитыны заңдылық қой. Бүгін әріптес ағамыз жайында өткен шақпен сөйлеуге тура келіп тұр.

Жетісу өңіріне белгілі ардагер журналист, Ақсу ауданының Құрметті азаматы, Талдықорған қаласының тұрғыны, «Қазақстанның Құрметті журналисі», «Қазақ журналистикасының қайраткері» төсбелгілерінің иегері Болат Бисұлтанұлы 83-ке қараған жасында бақилық болды. Осы ғұмырының 42 жылын баспасөз саласына арнаған қаламгер 1942 жылдың 20 маусымында Жетісу облысы Ақсу ауданының Тарас ауылында өмірге келген болатын.



Екінші дүниежүзілік соғыстың құрбаны әкесі Бисұлтан Байысовтан, тылдағы ауыртпалықты ауылдастарымен бөлісіп, аянбай еңбек еткен анасы Қамила Бисейітқызынан адалдықты еншілеген ағамыз ата-анасының аманатын ақтап, қалап алған мамандығын абыройлы атқарды. Мектептен соң Семей мемлекеттік педагогика институтын тәмамдап, Ақсу ауданының Қызылорақ орта мектебінде қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Ақсу аудандық «Өмір нұры» газетінде тілші, бөлім меңгерушісі, Қапал аудандық «Қапал еңбеккері» газеті редакторының орынбасары болып қызмет баспалдақтарынан өтті. Болат Бисұлтанұлы 1976-1997 жылдар аралығында Талдықорған облыстық «Октябрь туы» (кейіннен «Жерұйық») газеті редакциясында бөлім меңгерушісі болды. Талдықорған облысы тарағанда 1997-2000 жылдарда Сарқан аудандық газетінің бас редакторы, 2001-2005 жылдары облыстық «Алатау» қоғамдық-саяси апталығы редакторының орынбасары болып зейнет демалысына шықты.

Ардагер журналист Болат Бисұлтанұлы 2005-2010 жылдарда «Дарабоз» қоғамдық қорының басқарма мүшесі-баспасөз хатшысы, 2014 жылы 19 мамырда облыстық «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев» қоғамдық қоры құрылғанда төрағаның орынбасары-баспасөз хатшысы болған Болат Бисұлтанұлы Талдықорғанның тарихы туралы үштомдық еңбекке үлес қосты.

Қажырлы қаламгер аяулы жары Советай Нұрғалымқызы екеуі үш ұл мен қызынан қызық көріп, немере, шөбере көрді.

Қаламдас інілері, әріптестері атынан тұла бойынан адамгершілік, тәрбиелілік, саналылық пен парасаттылық қасиеттері сезіліп тұратын аға досымыздың қайтыс болуына байланысты отбасының, туған-туыстарының қайғысын бөлісіп, көңіл айтамыз. Топырағы жеңіл, рухы шат болсын!

Жомарт ИГІМАН,
Қазақстанның Құрметті журналисі.

Ақ халатты абзал жандар

Дәрігер мамандығы адамзаттың жан мен тән жүйесін бақылау мен емдеу, адамға деген сүйіспеншілік, қайырымдылық пен адамгершілікті қажет етеді. Қоғамдағы адам өміріне араша болатын дәрігерлердің еңбегі ерен.

Осы салада аянбай еңбек етіп, адамдарға жан жылуын төгіп жүрген ақ халатты абзал жандардың бірегейі профессор Шалбаева Раш Шарипбаевна мен көмекші медбике Вишнякова Раушан Сүлейменовнаны айтуға болады. Аудандық аурухананың онколог дәрігерлерінің еңбегін ерекше атап өтіп, алғысымды білдіргім келеді. Өз істеріне адал, білімді де білгір науқастарға шынайы жанашырлықпен қарайтын майталман мамандар Раш Шарипбаевна мен Раушан Сүлейменовна сияқты білгір мамандардың арқасында қаншама адамдар дертінен айығып, жанына үміт оты ұялайды.

Бұл кісілерге осындай қиын мамандықтың сан қилы жолында күш-қуаттары таусылмай, науқас адамдардың қасынан табылатын ақ халатты абзал жан болып жүре берулеріне тілектестің!


Ізгі тілекпен
Ш. БИМОЛДАНОВА.

СӨЗЖҰМБАҚ

Газетіміздің өткен санындағы "Қазақстан қалалары" сөзжұмбағының жауаптары:

1.Қостанай; 2. Тараз; 3.Алматы; 4.Астана; 5.Павлодар; 6.Ақтау; 7.Орал; 8. Атырау.

Қазақстан құстары



► **Сағындықова Каналжанның** атына тіркелген Сарқан ауданы, Қойлық ауылы, Тұрар Рысқұлов көшесі №7 А үйдің тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актілері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

► **Қорғанбай Жәнібек Сейсенбайұлының** атына ҚР ІІМ-нен 03.06.2022 жылы 050882327 нөмірімен берілген жеке куәлік жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.